

## **Суасты құбыржолдары мен кәбілдерін салу, тарту және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау ережесін бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 қыркүйектегі N 901 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 353 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.05.2019 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Суасты құбыржолдары мен кәбілдерін салу, тарту және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау ережесі бекітілсін.

2. "Мұнай операцияларына байланысты су асты құбырлары мен кәбілдерін орнату мен пайдалану кезінде қауіпсіздік пен қоршаған табиғи ортаны қорғау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 маусымдағы N 732 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 22 қыркүйектегі  
N 901 қаулысымен  
бекітілген

## **Суасты құбыржолдары мен кәбілдерін салу, тарту және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Суасты құбыржолдары мен кәбілдерін салу, тарту және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы Заңының 45-бабына сәйкес әзірленді, суасты құбыржолдары мен кәбілдерін салу,

тарту және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереженің әрекеті Қазақстан Республикасының су объектілеріндегі мұнай операцияларына байланысты қызметі суасты құбыржолдары мен кәбілдерін салуға, тартуға және пайдалануға бағытталған барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Осы Ережеде мынадай терминдер пайдаланылады:

суасты объектілері - Қазақстан Республикасының су объектілеріндегі мұнай операцияларын жүзеге асыру саласына жатқызылатын суасты құбыржолдары мен суасты кәбілдері;

суасты кәбілдері - суасты кәбілдік электр беру және байланыс желілері;

қызмет көрсету алаңы - мұнай операцияларымен байланысты су объектілерінде жұмыстар жүргізу үшін тұрғызылған қосалқы құрылыс;

күзет аймағы - қызметін суасты объектілері салынған трассаларға жақын жерде жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің суасты объектілеріне зақым келуі нәтижесінде туындауы мүмкін авариялар мен төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында суасты объектілерінің бойына қойылатын күзет аймағы;

герметикалылығы - конструкциядағы тығыздау мен жарықтар арқылы заттың жылыстау жылдамдығымен сипатталатын объектінің қасиеті.

Осы Ережеде пайдаланылатын басқа терминдер Қазақстан Республикасының мұнай операциялары, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамасында қолданылатын терминдерге сәйкес келеді.

## **2. Суасты объектілерін салу, тарту және пайдалану кезіндегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жалпы талаптар**

4. Суасты құбыржолдары мен кәбілдерін салу, тарту және пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қойылатын талаптар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген тәртіппен құзыретті орган бекітетін нұсқаулықта айқындалады.

5. Құрамында күкіртсутек пен меркаптандары бар мұнайды тасымалдауға арналған суасты құбыржолдарын салуға, тартуға және пайдалануға қойылатын талаптарды:

қоршаған ортаны қорғау;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы;

өнеркәсіптік қауіпсіздік;

су қорын пайдалану және қорғау;

көлік және коммуникация;

жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша құзыретті орган белгілейді.

6. Салу және пайдалану кезінде суасты объектілерінің бойына суасты объектілерінің шеткі тіндерінің осінен әрбір жағынан 100 м қашықтықта тұрған қатарлас жазықтықтардың арасында жасалған судың бетінен түбіне дейінгі су кеңістігінің учаскесі түрінде күзет аймағы енгізіледі.

7. Суасты объектілерін салуға, тартуға немесе жөндеуге кемелер едәуір мөлшерде қатысқан кезде суасты объектілерін салуды, тартуды немесе жөндеуді жүзеге асыратын мердігер олардың жұмысына жалпы басшылық жасау үшін тәлімгер капитанды бөледі.

8. Суасты объектілерін салуға, тартуға немесе жөндеуге қатысатын кемелер мен жағалаудағы базалардың арасында үздіксіз радиотелефон байланысы орнатылады.

9. Суасты объектілерін салуды, тартуды және пайдалануды жүзеге асыратын мердігер өзінің қызмет көрсету алаңында тікұшақ айлағы болған кезде өзінің құрылымына тікұшақтың қонуы мен ұшуына қызмет көрсететін диспетчер ретінде штаттық қызметкер енгізеді. Тікұшақ айлағын пайдалануға азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган өткізетін сертификаттаудан кейін рұқсат етіледі.

10. Үш баллдан астам теңіз толқыны кезінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қызмет көрсету алаңында отырғызу және түсіру жүзеге асырылмайды. Адамдарды отырғызу және түсіру кеме капитанының командасы бойынша жүргізіледі.

11. Қызмет көрсету алаңынан немесе кемеден сүңгуірлерді түсіруді жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жұмыстардың мынадай түрлері жүзеге асырылмайды:

- қызмет көрсету алаңдарына басқа кемелерді байлау;
- бөгде заттарды борттың сыртына тастау;
- крандардың кемелерден тиеу-түсіру жұмыстары;
- сүңгуір бекеттерінде бөгде заттар мен жабдықтарды орналастыру.

12. Суасты-техникалық жұмыстарға алғаш рет жіберілетін сүңгуірлер бір жыл бойы суасты объектілерін салуды, тартуды немесе пайдалануды жүзеге асыратын мердігер басшысының бұйрығымен тағайындалатын тәжірибелі сүңгуірлердің тікелей бақылауымен жұмыс істейді.

### **3. Суасты объектілерін салу кезінде қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар**

13. Теңіз айдынында суасты объектілерін орналастыру Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес әзірленетін құрылыс жобасына сәйкес оларды пайдаланудың қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету ескеріле отырып жүзеге асырылады.

14. Қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау мақсатында суасты объектілерін тартатын жер, трасса және құрылыс жобасы:

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы;

су қорын пайдалану және қорғау саласындағы;

жер ресурстарын басқару жөніндегі;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі;

көлік және коммуникация саласындағы;

жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласындағы;

энергиямен жабдықтау саласындағы;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы;

жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен келісіледі.

15. Суасты объектілері суасты объектілері мен олардың коммуникацияларын тартатын жердегі сулы ортаның режиміне әсер ететін қазіргі бар және жобаланатын гидротехникалық құрылыстарды, берілген аудандағы перспективалық түп тереңдету жұмыстарын ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес гидрологиялық, метеорологиялық, инженерлік-геологиялық және топографиялық ізденістер деректерінің негізінде жобаланады.

16. Құрылыс жобасын әзірлеу сатысында күзет аймағын білдіретін навигациялық жабдық құралдарын орнату жөніндегі жобалық шешімдер көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

17. Құрылыс жобасында суасты құбыр жолдарының конструкциясы тартылатын кемелердің, тетіктердің, құрылғылардың сипаттамаларын ескере отырып, бірнеше нұсқаларды жасау және олардың техникалық-экономикалық және экологиялық көрсеткіштерін салыстыру жолымен оларды тарту және пайдалану кезінде қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету шарттары негізге алына отырып, таңдалады.

18. Суасты объектілерін тарту жобалауға арналған тапсырмада келісілетін нақты жағдайларды ескере отырып, теңіздің (өзеннің, арнаның) түбіне тереңдете жүргізіледі. Таяз жерлерде суасты объектілері кеме қатынасының қауіпсіздігін,

балық аулаудың тиімділігін және балықтардың мекендеуі мен көшуінің табиғи экологиялық жағдайларын қамтамасыз ететін белгіге дейін тереңдетіледі.

19. Суасты объектілері құрылысының жобасында жарылыс қаупі бар ортаның құрылуының және басқа да авариялық жағдайлардың алдын алатын, сондай-ақ процесті қауіпсіз тоқтатуды немесе адамдар мен қоршаған орта үшін қауіпсіз жағдайға ауыстыруды қамтамасыз ететін аварияға қарсы автоматтық қорғау жүйелері көзделеді.

20. Құрылыс жобасында авариялық жағдайлар мен профилактикалық жұмыстар кезінде суасты құбыржолдары мен олардың жекелеген учаскелерін бітеме арматурамен кедергісіз ағыту мүмкіндігі көзделеді.

21. Құрылыс жобасында суасты объектілерін қорғау жөніндегі шараларды салу кезінде де, сонымен қатар оларды пайдалану кезінде де көздеу қажет.

22. Суасты объектілерін салу қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау шараларын қамтитын осы жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Суасты объектілерін салу мен тартуды жүзеге асыратын мердігер жұмыстар жүргізу аймағында жартытәуліктік, тәуліктік және үш тәуліктік ауа райы болжамдары негізінде метеорологиялық жағдайлардың мониторингін тұрақты жүзеге асырады және осы ақпаратты құбыр төсейтін кемеге береді.

24. Аварияларды және төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында ол климат ауданында жұмыстарды тоқтата тұру немесе жұмыста үзіліс ұйымдастыру қажет болатын сыртқы ауа температурасының, жел жылдамдығының шекті мәндерін суасты объектілерін салу мен тартуды жүзеге асыратын мердігер Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

25. Суасты объектілерін тарту трассаларының түбін ені кемінде 20 м болатын учаскеде салу жұмыстарын қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретін объектілердің бар-жоқтығына (белгіленген трассадан әр жаққа қарай 10 м) зерттеу жүргізіледі.

26. Суасты объектілерін салу, тарту және пайдалану кезіндегі дербес жұмыстарға тиісті оқудан өткен, теңізде құтқару мен күн көрудің арнайы бағдарламасын меңгерген, Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес суасты жұмыстарына рұқсаты бар тұлғалар жіберіледі.

27. Суасты объектілерін салу мен тартуды жүзеге асыратын мердігерлер Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді алдын ала және мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастырады.

28. Түптік түзілімдерді вибрациялық тығыздау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде сүңгуірлерді су астына түсіру жүргізілмейді. Түптік түзілімдерді

тығыздау учаскесін қарау вибрациялық тығыздау агрегаты тоқтағаннан кейін ғана орындалады.

29. Суасты объектілерін салу және тарту кезінде пайдаланылатын жабдықтар оларды қауіпсіз пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін реттеудің, тосқауыл қоюдың қажетті құралдарымен жарактандырылады.

30. Суасты құбыржолдарын балластау және бекіту жөніндегі жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру мен олардың технологиясы салу жобасына және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Салудың (жөндеудің) аяқталуы бойынша, кейінгі орындалатын жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында суасты құбыржолдарының қуыстары тазартылады. Суасты құбыржолдарын тазарту жөніндегі жұмыстарды қабылдау актісіне суасты объектілерін салуға тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері және суасты объектісін пайдалануға қабылдайтын тұлға қол қояды.

32. Тазартылған суасты құбыржолдарының беріктігі сыналады және герметикалылығы тексеріледі. Құбыржолдарын сынаудың тәсілдері, технологиясы, режимдері мен параметрлері техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленеді.

33. Суасты объектілерін салуды және тартуды жүзеге асыратын мердігер сынақтан өткізу ауданы мен уақытын ішкі су көлігі саласындағы уәкілетті органға алдын ала хабарлайды.

34. Суасты объектілерін салуды және тартуды жүзеге асыратын мердігерлер жұмыстар аяқталғаннан кейін суасты объектілерін салу және тарту ауданындағы су объектілерінің айдындарын кеме қатынасының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін заттардан тазартады.

#### **4. Суасты объектілерін пайдалану кезінде қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар**

35. Пайдалану кезінде қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мердігер құрылыс жобасында көзделген барлық жұмыстар кешені аяқталғаннан кейін ғана, суасты объектілерін, оның ішінде электр-химиялық қорғану, технологиялық байланыс құралдарын, автоматика және телемеханика құрылғыларын пайдалануға қабылдайды.

36. Суасты объектілерінің құрамына кіретін күзету аймақтарымен байланыстырылған суасты объектілерінің нақты жағдайының материалдары (топографиялық түсірілім) күзет аймағында басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің ойластырылмаған жұмыстарының алдын алу мақсатында

мемлекеттік жер кадастрына енгізу үшін жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органға беріледі.

37. Суасты объектілерін пайдаланатын мердігер күзет аймағы навигациялық жабдығының кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету режимінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

38. Пайдалану қауіпсіздігін арттыру үшін суасты құбыржолдарының кеме жүзетін өзендермен және арналармен қиылысатын жерлері жағалауларда сигнал белгілерімен белгіленеді. Сигнал белгілерін, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы бассейндік басқармалармен, сондай-ақ көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша суасты объектісін пайдаланатын мердігерлік ұйым орнатады.

39. Күзет аймағында басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер жоспарлаған жұмыстар келісілгенге дейін суасты құбыржолдарын пайдаланатын мердігерлік ұйым осы жұмыстардың аймағында тартылған құбыржол учаскесінде оның техникалық жағдайы мен қауіпсіздігін анықтау, құбыржол мен оның барлық коммуникацияларының жағдайын нақтылау мақсатында суасты құбыржолдарының учаскесін зерттейді, сондай-ақ қажет болған кезде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді.

40. Суасты объектілерінің бүліну қаупін тудыратын жұмыстар (сейсмикалық шалғыларды сүйрету, балық аулау кемелерінің трал салуы және т.б.) күзет аймақтарынан тыс жүзеге асырылады. Күзет аймақтарында кез келген жұмыстарды жүргізу суасты объектісін пайдаланатын ұйыммен келісім бойынша жүзеге асырылады.

41. Суасты объектілердің пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізу және қатты толқындар (сейсмикалық сигналдар) туғызатын пневматикалық және басқа да жарылыс шақыратын көздері бар сейсмикалық барлау суасты объектілерінің трассасынан кемінде 500 м қашықтықта жүзеге асырылады.

Кемелердің трал тартуы және зәкір тастауы суасты объектілерінің осінен кемінде 400 м қашықтықта жүзеге асырылады. Бұл аймақта зәкір тастауға кемелерде навигациялық жабдық құралдарының орнатылуы шартымен, суасты-техникалық жұмыстарды орындау және суасты құбыржолдарын жөндеу кезінде ғана рұқсат етіледі.

42. Суасты объектілерінің барлық тораптық қосылыстары мен дәнекерленген жерлері оларды пайдалану кезеңінде, сондай-ақ желдің жылдамдығы 25 м/с және одан да жоғары болған дауылдан кейін техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес жүйелі түрде диагностикадан, сынақтан және куәландырудан өтеді.

43. Сүңгуірлердің суасты объектілерін (олардың трассаларын) тексеруі мұны басқа құралдармен (суасты теледидары, суасты аппараттары және т.б.) орындау мүмкін болмаған жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте сүңгуірлердің жылжуына тексеру жолағы шектерінде ғана рұқсат етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК